



3-бет



4-5-беттер

Тәуелсіздік жолы – Елбасы жолы

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні болып 2011 жылдың 10 желтоқсанында қабылданды. Өйткені, 1991 жылы 1 желтоқсанда қазақ елі өзінің Тұңғыш Президентін – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлады.



6-бет

Тәртіп сақшылары заман талабына сай болуы тиіс

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың уақыты пісіп-жетілгенін айтқан еді.



7-бет

№16 Учаскелік полиция пункті: бір күнгі қызметі

Жергілікті полиция қызметі басқармасына қарасты №16 учаскелік полиция пунктіннің инспекторлары Ардақ Көкешов және Төлеген Сәтпаевпен бірге күндізгі рейдке шықтық.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

SAQSHY



№89
(4639)



www.polisia.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Сейсенбі, 01.12.2020

ЖАҢАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ САЯСАТКЕР



«Нұрсұлтан Назарбаев: жаһандық ауқымдағы саясаткер». Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында елордада өткен халықаралық конференция осылай аталады. ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты мен Сыртқы істер министрлігі бірлесіп ұйымдастырған шараға Елбасының Қазақстан мен шет мемлекеттердегі пікірлері бас қосты.

Аралас форматта өткен кездесуде қазақстандық сарапшылар, әртүрлі жылдары әлемдік державалардың мемлекеттері мен үкіметтерін басқарған, халықаралық ұйымдарда жоғары лауазымдарды атқарған және атқарып жүрген белгілі саясаткерлер байланысқа шықты. Бір кездері Нұрсұлтан Назарбаевпен тығыз жұмыс істеп, ең ірі идеяларды жүзеге асырудың куәгері болған олар Тұңғыш Президенттің Қазақстан егемендігінің қалыптасуындағы, мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құрудағы және ұлттық тарихтың жаңа кезеңінде елдің даму басымдықтарын айқындаудағы ролі мен маңызын атап өтті.

«Жаһандық ауқымдағы саясаткер». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Он делаёт историю» атты кітабында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюындағы көрнекті ролін атап өтіп, Нұрсұлтан Назарбаевты осылай атайды.

Халықаралық конференцияда сөз алған спикерлер тарихи өлшем бойынша қысқа мерзім ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа негізделген табысты мемлекет құрып қана қоймай, жаһандық қауіпсіздік пен даму саласында бірқатар серпінді бастамалар көтергенін атап өтті. Кездесуге қатысушылар сондай-ақ Елбасының Қазақстанның халықаралық байланыстарын жолға қою, көпвекторлы сыртқы саясаттың стратегиялық бағытын құру жөніндегі күш-жігері мен жетістіктерін, сыртқы саяси бастамаларды, олардың іске асырылу барысы мен қорытындыларын талқылады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың өркениетаралық және конфессияаралық диалогты нығайту, бейбітшілік пен келісімнің, жастықтың, сұлулықтың, креативтіліктің символына айналған Қазақстанның қазіргі заманғы астанасын Еуразия орталығында салу жөніндегі жасампаз миссиясына ерекше назар аударылды.



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті ішкі істер органдарының жеке құрамы мен ардагерлері!

Жыл сайын атап өтілетін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні халықты Тәуелсіздік құндылықтарының айналасына біріктіріп, қазақстандық патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілікті, ел тағдырына жауапкершілік сезімін нығайтады.

Осыдан 29 жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің алғашқы бүкілхалықтық сайлауы өтті.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі тарихқа алтын әріптермен жазылып, тәуелсіз мемлекетті толағай табыстарға жетелеген әлемдік деңгейдегі көрнекті саясаткер, көреген көшбасшы ретінде мойындалды.

Елбасының сарабал саясатының, тынымсыз еңбектерінің, оның Отанға деген шексіз махаббатының арқасында «Қазақстан» атты жас мемлекеттің өзіндік даму жолы қалыптасып, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірде зор жетістіктерге қол жетті.

Мемлекеттік мүддені, халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауды қамтамасыз ететін ішкі істер органдары да қоғамның қалыптасуына, Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатын абыроймен жүзеге асыруға зор үлесін қосып келеді.

Халқына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан Елбасының өмірлік жолы біз үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болып қала бермек.

ҚР Ішкі істер министрі,
полиция генерал-лейтенанты
Ерлан ТҰРҒЫМБАЕВ

«Сақшы-ақпарат»

ӘЛЕМ-АҚПАРАТ

Басты басымдық – құқықты қамтамасыз ету

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері онлайн режимде Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевпен кездесті.

Кездесуді Президент көмекшісі, Ұлттық кеңестің хатшысы Ерлан Қарин жүргізді. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша диалог процесіне көптеген қоғам өкілдерінің тартылатынын еске алды. Осындай кездесулер барысында ұлттық кеңес мүшелері мемлекеттік органдардың басшыларымен онлайн-форматта мемлекет қабылдап жатқан шараларды белсенді талқылайды. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал етеді.

– Біз Ішкі істер министрімен кездескенімізге қуаныштымыз. Еліміздің бас полицияшы Ішкі істер министрінің реформалау барысы туралы айтып, жұртшылықты қызықтыратын мәселелерді талқылауды жоспарлап отыр. Бұл кездесу өте нәтижелі

болатынына сенімдімін, – деп атап өтті Ерлан Қарин.

Ерлан Тұрғымбаев қоғам белсенділеріне министрліктің жұмысына қызығушылық білдіргені үшін алғыс білдіріп, аталған алаңның сындарлы диалог орнатуға мүмкіндік беретініне және ИМ жүйесінің ашықтығына ықпал ететініне сенім білдірді.

Ол елдегі криминалдық жағдай, қылмыс санының төмендеуі және қылмыстардың бірқатар түрлерінің ашылуы жақсарып келе жатқаны туралы да айтып өтті. Министр Президенттің елдегі құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша берген тапсырмаларының іске асырылу барысына, сондай-ақ ішкі істер органдарында жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстарына арнайы тоқталды.

Ерлан Тұрғымбаев сондай-ақ, жеке тұлғаны қорғауды күшейту, оның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, балаларға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты заңнаманы жетілдіру туралы мәлімдеді.

Ұлттық кеңес мүшелеріне Бас прокуратурамен бірлесіп іске асырылып жатқан қылмыстық процестің үш буынды моделін және басты басымдық – азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету болып табылатын сотқа дейінгі іс жүргізуді бақылау алгоритмін апробациялау жұмысы туралы айтылды.

Ведомство басшысы адам саудасына, есірткінің заңсыз айналымына, оның ішінде синтетикалық есірткілерге қарсы күреске байланысты қылмыстарды тергеу практикасын жетілдіру, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бейнебақылау жүйелерін да-

мыту шаралары туралы да әңгімеледі.

Ол жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету және «Жұртқа жақын полиция» қағидаты, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде халықпен кері байланыс орнату бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға ерекше назар аударды.

Сонымен қатар министр қазіргі таңда орын алып отырған проблемалық мәселелерге де тоқталды.

Кездесу соңында Ерлан Тұрғымбаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өкілдерімен бірге полиция жұмысының тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, құқық тәртібі органдарының ашықтығы мен есептілігіне қатысты айтылған ұсыныстарды талқылап, олардың барлық сұрақтарына жауап берді.

«Сақшы-ақпарат»

Болашақтың қаласы

Өткен сенбіде Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев пен оның цифрландыру жөніндегі орынбасары Сәкен Сәрсенов Ақмола облысының Ақкөл қаласында болды.



Ведомство басшысы Еңбек ауылының 12 еріктісін, жергілікті шаруа қожалығының басшысын Алғыс хаттармен марапаттап, полицияның тірек пунктіне барды. Кейінірек «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының өкілдері полиция генерал-лейтенанты Е.Тұрғымбаевқа Ақкөлдің бірыңғай бейнебақылау жүйесін көрсетті.

Кездесу қорытындысы бойынша бірыңғай байланыс операторы мен полиция министрлігі арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Еріктілер министрді Еңбек ауылының Мәдениет үйінде қарсы алды. Ерлан Тұрғымбаевтың погондарында үлкен жұлдыздары бар бірнеше офицерлер мен аудан әкімінің арасында келе жатқанын көріп, еріктілер сәл абдырап та қалды. Алайда марапаттаудан кейін министр еріктілермен әңгімелесу үшін бірнеше минут бөліп, жағдайларын сұрады.

– Өткен қыс қатал болды: көліктер жүздеген жолаушыларымен қар құрсауында қалды, полицейлердің, құтқарушылар мен еріктілердің жеделдігінің арқасында біз қайғылы жағдайдан аман қалдық, – деді Ерлан Тұрғымбаев. – Бұл жылды Президент «Еріктілер жылы» деп жариялағанын білесіздер, біз сіздермен ынтымақтасуға дайынбыз. Өзімізден және жалпы

министрліктен адамдарды құтқарудағы жанқиярлық жұмыстарыңыз үшін алғыс айтамын.

Өз кезегінде Еңбек ауылының еріктілері қолайсыз ауа райында адамдарды қалай құтқарғанын айтты. Біреуі жеке трактормен автобанға дейін жолды тазалаған, енді біреулері жергілікті жағалауды патрульдеп, суға батқандарды құтқарса, тағы басқалары учаскелік инспекторға қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға көмектесті. Он екі еріктінің ішіндегі нәзік қыз серіктесімен бірге өткен жазда суға батып бара жатқан жігітті құтқарды.

– Министр мырза, біз бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз, біздің жұмысымызды бағалағаныңыз үшін көп рахмет, – деп еріктілер ізгі тілектерін жеткізді.

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеев өз ұйымы филиалының фойесінде әріптестерімен бейнебақылау жүйелерін көрсете бастады. Камералар көпқабатты үйлердің кіреберістерін, көше қиылыстары мен түзеу мекемесінің аумағын және «Ақылды үй» жүйесін көрсетеді. Мұның бәрі – «Кері байланыс», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына және «Жұртқа жақын полиция» қағидатына бағытталған цифрландыруды енгізу және қоғамдық тәртіпті сақтау бағдарламасының

бір бөлігі. Қонақтарға бұл жүйенің іс жүзінде қалай жұмыс істейтіні көрсетілді: пәтерлерде бұзылған немесе өрт шыққан кезде, тіпті ыстық және суық суды бақылау датчиктері цифрландырылды. Мұның бәрі ТӨБЖ (талшықты-оптикалық байланыс желісі) арқасында жұмыс істейді.

– Министр мырза, біз полиция және қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бейнебақылау камераларын өзіміздің жүйелерімізбен біріктіруге дайынбыз. Артықшылықтары – рұқсат етілмеген қолжеткізу алынып тасталды, жазбалар 60 тәулікке дейін сақталуы мүмкін, ал камералар арнайы тіректерге дәл қазіргідей емес, көшелердің үстінен орнатылатын болады, – деп хабарлады «Қазақтелеком» өкілдері. – Бұл 1-2 шақырымға дейінгі айырмашылықпен жылдамдық режимін түзетуге мүмкіндік береді.

– 5 км-ге дейін жету керек, өйткені кейбір республикалық жолдарда сағатына 120 км жылдамдыққа рұқсат етілген, ал дамыған елдерде жылдамдық өлшегіштің мұндай қателігі 10 шақырымды құрайды. Бұл осындай даулы мәселелерді болдырмау үшін қажет, – деген Ерлан Тұрғымбаев тақырыпты одан әрі жалғастырды. – Өздеріңіз білесіздер, еліміздің біраз қалаларында бейнебақылау жүйелері орнатылған, әркім бұл құрылғыларды бюджет мүмкіндігіне қарай сатып алды. Болашақта жүйені Қылмыс картасымен біріктіруге бола ма? – деп сұраған министр «Болады» деген жауап алды. Сонымен қатар ол Ерлан Заманбекұлына жүйенің қалада коронавирустың өсуі мен төмендеуін қалай қадағалайтынын көрсетті.

– Ал камераларды ауыстыру мүмкіндігі бар ма? Айталық, қылмыс тіркелмейтін көпқабатты үй көше қылмысы жиі тіркелетін базар жанында орналасқан. Мен осы екі жерге де бірдей камералар қоюым керек пе, әлде, сіздер үйді

10, базар аумағы мен айналасын 90 камералармен жабдықтау аласыз ба? – министр кезекті сұрағын қойды.

«Қазақтелеком» өкілі стендте құрылғының қалай жұмыс істейтінін көрсетті. Бұған дейін де Smart City тұсауының Мемлекет басшысы, кейін Ішкі істер министрінің орынбасары С.Сәрсенов көріп, танысқан болатын. Айта кетейік, Ақкөл – бірыңғай ұлттық оператор жобасы іске қосылған Қазақстандағы алғашқы қала. Қонақтарға ең қымбатты орын да көрсетілді, бұл – жабдықтар орналасқан жартылай жертөле бөлмесі. Оның көмегімен бүкіл жүйе жұмыс істейді.

– Мұнда екі генератор және артезиан суы бар екі ұңғыма бар. Қажет болған жағдайда бункер автономды түрде екі апта жұмыс істей алады, сондықтан жүйе өте сенімді, – деп сендірді Ерлан Тұрғымбаевты «Қазақтелеком» мамандары.

Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылдан бастап елімізде «Қауіпсіз қала» жобасы іске қосылды, онда бейнебақылау жүйелеріне басымдық берілген болатын. Бүгінде 350 мың пәтердің кіреберістерінде 35 мыңға жуық бейнебақылау камерасы орнатылған. Ақкөл «Smart City» одан әрі қадам басты. Зияткерлік камералардан алынған сурет полицияның жедел басқару орталықтарының мониторларына шығарылады және құқық қорғау органдарының күзетшілеріне қандай да бір құқық бұзушылыққа қарсы неғұрлым жедел әрекет етуге көмектеседі. Жалпы, еліміз бойынша алты мыңнан астам бейнебақылау камерасы ЖБО-ға шығарылды. Жыл басынан бері бұл құрылғылардың көмегімен 5,5 мың қылмыс және 400 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық ашылды.

Токнияз КУЧУКОВ,
Ақмола облысы

ГОНКОНГ

ГОНКОНГТЕ БАРЛЫҚ МЕКТЕП ЖАБЫЛАДЫ

Сянган арнайы әкімшілік ауданының (САӘА, Гонконг) барлық мектебі коронавирустың төртінші толқыны салдарынан сәрсенбіден бастап Рождество мерекесі аяқталғанға дейін жабылады.

Гонконг әкімшілігінің басшысы Кэрри Ламның айтуынша, жақын арада барлық мемлекеттік қызметшілерді қашықтан жұмыс істеуге көшіру жоспарлануда. Әлеуметтік қашықтық ережелерін сақтамағаны үшін жергілікті тұрғындарға жаза қатайтылуы мүмкін.

Әлеуметтік қашықтық ережелерін бұзған адамдарға екі мың Гонконг доллары (шамамен 258АҚШ доллары) мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Сонымен қатар, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлердің барлық қызметкерлері екі апта ішінде міндетті түрде коронавирус тестілеуінен өтеді.

Еске сала кетейік, Гонконгта эпидемия басталғаннан бері барлығы ауруға шалдығудың 6238 расталған жағдайы және коронавирусқа байланысты 109 өлім тіркелді.

inform.kz

ПАРИЖ

НАРАЗЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ҚАҚТЫҒЫСҚА ҰЛАСТЫ

Франция азаматтары полиция қызметкерлерін белгілі бір жағдайларда суретке және видеоға түсіруге тыйым салатын заңға наразылық білдіріп жатыр. Франция ішкі істер министрлігінің мәліметінше, акцияға 133 мыңға жуық адам қатысты.

46 мыңға жуық адам Париж көшелерінде «Әлемдік қауіпсіздік туралы» заңның қабылдануына наразылық білдірді. Демонстранттардың ерекше наразылығын осы заңның 24-бабы туғызды. Оның негізінде егер кадрлардың таралуы «жекелеген шенеуніктердің физикалық немесе психикалық дербес құқығына қауіп төндірсе», жекелеген полицейлерді суретке және видеоға түсіру үшін айыппұл қарастырылған.

Егер заң қабылданған жағдайда бұл құқық бұзушылық үшін бір жылға түрмеге жабу немесе 45 мың еуро айыппұл төлеу жазасы бар.

Франция астанасындағы наразылық полициямен қақтығысқа ұласты. Тәртіп сақшыларына тас пен петарда лақтырылған, бірнеше өрт оқиғасы тіркелген.

Франция ішкі істер министрі Жеральда Дарманеннің айтуынша, 37 полиция мен ұлттық жандармерия қызметкері жарақат алған. Назылық акциясы Францияның басқа қалаларында да өтті. Рене мен Монпельеде, ұйымдастырушылардың айтуынша, наразылық білдірушілер саны 10 мыңға жеткен. Назылық шарасын ұйымдастырушылар ел бойынша 500 мың адам көшеге шықты дейді. Олар Париж қаласына қатысушылар санын 200 мың деп бағалады. Франция ішкі істер министрлігінің мәліметінше, Парижде 46 мың адам, ал бүкіл ел бойынша 133 мың адам көшеге шыққан.

inform.kz



ЕЛ ДӘУІРІМЕН ТАҒДЫРЛАС ЕЛБАСЫ

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 1991 жылдың 1 желтоқсанында бірінші бүкілхалықтық сайлауда Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды.

Қазақ елінің артқан үмітін ақтап, адастырмас жол таңдап, егеменді елдің тәуелсіз халқын өркениетке бастады. Салиқалы да сындарлы саясат құра білді. Сондықтан да халық оны Ұлт көшбасшысы деген атаққа, Елбасы деген құрметті мәртебеге бөледі.

Тұңғыш Президентіміздің халқына деген қызметі ел өміріндегі тұтас дәуірді айқындайды. Ұлттық рухты оятып, мемлекеттілігімізді жаңғыртқан, қазіргі жаһандық саясат сардарларының бірі – Елбасының тұғырлы тұлғасы ғасырлар бойы бақытты

ұрпағымыз үшін темірқазықтай жол сілтеп тұрады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи феномені ұлттың жасампаз әлеуетін үйлестірді. Әлемде «Қазақстан барысының секірісі» деген атауға ие болған жарқын болашаққа ұмтылу үшін бүкіл қоғамды жұмылдыра алды.

Халық шаруашылығында, әлемдік саясатта нақты істерді атқаруды, барлық жүйеде орнықтылықты сақтауды, стратегиялық жоспарлау мен кезең-кезеңмен дамуды көздеді. Ұлт көшбасшысының осындай прагматикалық ұстанымы отыз

жылға жуық уақыт ішінде егеменді еліміздің қарыштап дамуына қол жеткізді.

Геосаяси жағдайға терең бойлай отырып, арқаның төсіне Ақорданы қондыруы, ядролық қаруланудан бас тартуы, егеменді елдің шекараларын асқан саяси сауаттылықпен, іргелі империялармен өзара түсіністік сипатта ешбір дау-дамайсыз шеше алуы сынды бірегей қабілетін әлем мойындады.

Елбасы ойластырған саясатпен оның көшбасшылық сипаты Қазақстан экономикасын әлем бойынша экономикасы ең тез дамыған елдер қатарына жеткізді.

Тұңғыш Президенттің жеке еңбегі және халықтың қуатты қолдауының арқасында әлемдік

қауымдастықта «Қазақстандық даму моделі» кеңінен таралды.

Қоғамның барлық саласында маңызды әрі жүйелі реформалар жүзеге асырылды. Құқық қорғау саласының, оның ішінде ішкі істер органдарының жаңа талаптарға сай жаңғыруын міндеттеді.

Бүгінде сол реформадан бастау алған өзгерістер мен қайта құрулардың нәтижесінде «Жұртқа жақын полиция» қағидаты жүзеге асырылуда.

Осы жылдың 1 қазанында Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевты қабылдаған кезінде де Елбасы: «Мемлекеттік органдардың қоғам үдесінен шыға білгені жөн. Жұртшылықпен тікелей диалог орнатып, азаматтармен кері байланысты жақсарту үшін қазір-

гі «платформалардың» жұмыс форматын қайта қарау қажет. Басты мақсат – халықтың құқық қорғау жүйесіне деген сенімін және оның қызметінің тиімділігін арттыру», – деген болатын.

Сонымен бірге осы қабылдауда Елбасы – Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы бүгінгі Президенттің жергілікті полиция қызметін одан әрі реформалау және елдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын сапалы орындаудың маңыздылығын атап өтті.

Ішкі істер саласының алдына қойылған осынау келелі міндеттің үдесінен шығу – бүгінгі полиция қызметкерлерінің еншісінде.

«Сақшы-ақпарат»

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА – ХАЛЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық парламенттік конференция өтті. «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандағы парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуындағы рөлі» атты дәстүрлі шара Мәжілістің бастамасымен Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылды.

Биыл бейнеконференция форматында өткен форумға Вьетнам, Италия, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Чехия, Еуропалық Парламент, ТүркіПА парламенттерінің басшылары мен депутаттар қатысты.

Отырысты алғысөзбен ашқан Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанымызды және оның парламентаризмін қалыптастыру жолындағы теңдессіз рөліне тоқталды.

Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, Елбасымыз елімізді барлық қиындықтан аман алып шығып, ірі саяси, экономикалық әлеуметтік реформалар жасады. Мемлекетімізді әлемдік деңгейге жеткізді. «Қазақстандық даму жолы» қалыптасты.

Сондықтан шын мәнінде, «Тәуелсіздік жолы, ол – Елбасы жолы». Осы даму жолымыз қазір Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен одан әрі жалғасуда. Осы үлкен жолда тәуелсіздік тарихымен бірге келе жатқан қос палаталы Парламенттің де үлесі зор екенін баса айтқан Нұрлан Нығматулин: – Бүгінде біздің кәсіби Парламент қоғамдық пікірлер мен ашық саясаттың биік орны болумен қатар мүмкіндігі мол, қуаты мықты, жоғары заң шығарушы органға айналды. Өзіне жүктелген әрбір міндетті абыроймен атқарып, Елбасы Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың маңызды қадамдарын, саяси, экономикалық, әлеуметтік бастамаларын сапалы заңдармен қамтамасыз етіп келеді, – деді.

Сонымен қатар Палата Спикері Қазақстан Парламентінің өркениетті елдердің заңнамалық органдарымен тең дәрежеде қызмет етіп, Елбасымыз айтқандай, нағыз демократия мектебіне айналғанын жеткізді.

Нұрлан Нығматулиннің пікірінше, осының барлығы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел басқарудағы дана, көреген, сындарлы саясатының жемісі.

Мәжіліс Төрағасы: – Бүгінгі таңда бүкіл әлемді қамтыған күрделі ахуалға назар аударып, осындай қиын жағдайда біздің елімізде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтауға, жұмыспен қамтуға және халықтың табыс деңгейін қамтамасыз етуге зор көңіл бөлінді. Дағдарысқа қарсы жедел шаралар шеңберінде кірістерін уақытша жоғалтқан 4,5 миллионнан астам қазақстандық ай сайынғы өтеусіз мемлекеттік көмек алды. Бұл мақсатқа 450 миллиардтан астам теңге жұмсалды. Осы күрделі кезеңде біздің Тұңғыш Президентіміз бұрынғыдай барша қазақстандықтар бірлігінің кепіліне айналғанын ерекше атап өткім келеді, – деді.



Елбасының бастамасымен Біргеміз ұлттық қайырымдық қоры ұйымдастырылып, жалпыхалықтық қозғалыс барлық қазақстандықтарды бір мақсатқа жұмылдырды. Сонымен қатар қордың біржолғы қайырымдылық қаржылай қолдауына 550 мыңнан астам қазақстандық отбасы ие болды. Миллионнан астам адам азық-түлік және тұрмыстық көмекпен қамтылып, мыңдаған ерікті мұқтаж жандарға жәрдемдесті.

Конференция барысында Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Чжаньшу Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекетті қалыптастыру, оның саяси жүйесін жетілдіру және тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы ерен еңбегіне тоқталды.

– Тұңғыш Президент Назарбаев – халықаралық қоғамдастықтағы беделді саясаткер болумен қатар, қытай халқының тілеулес досы ретінде ұзақ уақыттан бері қытайлық-қазақстандық тату көршілік және достық ынтымақтастықты

нығайтып, Қытайда жоғары беделге ие болып келеді, – деді Қытай Парламентінің Спикері.

Ал Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының Спикері Вячеслав Володин Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси даналығы, бай өмірлік және басқарушылық тәжірибесі Ресей мен Қазақстан арасындағы қатынастарды дамыту ісінде, халықтарымыз арасындағы достықты нығайтуда, Еуразиялық кеңістікте көпжақты ынтымақтастықты ілгерілетуде ұзақ жылдар бойы сұранысқа ие болады, – деді.

Вячеслав Володиннің айтуынша, Нұрсұлтан Назарбаев – бүкіл өмірін өз еліне және халқына қызмет етуге арнаған тұлға.

Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы Мұстафа Шентоп Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамалары бүкіл әлем үшін зор маңызға ие деп санайды.

– Қазақстанның үдемелі дамуында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың демократияны, адам құқықтарын және заңның

үстемдігін дамыту жолында қолға алған қадамдары маңызды орын алатыны сөзсіз, – деді Түрік Парламентінің өкілі.

Сонымен қатар Өзбекстанның Олий Мәжілісі заң шығару палатасының Спикері Нурдинжон Исмоилов қазақстандықтарды Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, бұл мерекені Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің беріктігі мен тиімділігін бағалаудың тамаша мүмкіндігі деп атады.

Халықаралық конференцияда сөзсөйлеген Нурдинжон Исмоилов Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевты Қазақстан мемлекетін құрудың бастауында тұрған көрнекті тұлға екенін айтып: – Оның стратегиялық бағытының арқасында Қазақстан Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік тамырын тереңдете түседі, – деді.



Тәуелсіздік

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ БОЛЫП 2011 ЖЫЛДЫҢ 10 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ҚАБЫЛДАНДЫ. ӨЙТ-КЕНІ, 1991 ЖЫЛЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚ ЕЛІ ӨЗІНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІН – НҮРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫ САЙЛАДЫ. АТАУЛЫ МЕРЕКЕ ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДА ДА ЖЫЛ САЙЫН АТАЛЫП ӨТЕДІ. БҮЛ ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІ ӘЛЕМ ТАНЫҒАН МЕМЛЕКЕТ ҚАТАРЫНА ҚОСҚАН ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ЕСЕЛЕЙ ТҮСЕДІ.

НҮР-СҰЛТАН

Ішкі істер министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің Тұңғыш Президент – Елбасы музейіне бару шарасы ұйымдастырылды.



мократиялық мемлекет ретінде таниды және бұл – республиканы 1990 жылғы 24 сәуірде құрған кезден бастап басқарған еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың еңбегі.

Музейге қойылған әрбір экспонат – егеменді еліміздің серпінді дамуының бір сатысы. Ауыл және қала өміріндегі оң өзгерістер, табанды еңбектің жемісті көріністері, бәрі де Елбасына деген сүйіспеншілігімізді,

оның халқы үшін қызметіне деген құрметімізді еселейтүскен-ді.

Сонымен қатар музей аралағандарға экспозициялардың бірегейлері – мұрағаттық ғылыми еңбектер, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қызмет жолдарындағы белестерді, Қазақстанның жаңа тарихын бейнелейтін кітаптар коллекциясы ұсынылды.

Алмагүл СӘТМАҒАМБЕТОВА

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

ҚР Тұңғыш Президенті күні – барлық қазақстандықтар үшін тарихи күн. Дәл осы күні Қазақстанда тұңғыш рет президенттік сайлау өтіп, еліміздің барлық азаматы тарихи шешім қабылдап, бірліктің үлгісін паш етті.

Атаулы мерекеге орай ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қызметкерлерінің балалары арасында «Менің Отаным – Қазақстан!» атты шығармашылық онлайн байқауы өткізілді.

Алғашқы күнінен-ақ идеологиялық жұмыс бөлімшесіне болашақ отан қорғаушыларымыздан, жас талант иелерінен, біздің оқу орнының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ата-аналардың балаларынан

шығармашылық жұмыстар түсе бастады.

Әрбір жұмыс өз алдына ерекше. Сайыстың аты сайыс болғандықтан, қазылар алқасына таңдау жасауға тура келді.

Жүзден жүйрік атанған Айымжан Мұхтабаева I орынды жеңіп алса, II орын Гүлсұлу Жұматовға, ал III орын Оразхан Ермұхамедке бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тиісті марапаттарға ие болды.

Қымбат НАҒАШЫБАЙ

— ОРАЛ ҚАЛАСЫ —

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін қазақстандықтар 2012 жылдың 1 желтоқсанында өз тарихында бірінші рет жаңа мемлекеттік мереке ретінде атап өтті. 1 желтоқсан еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізу тарихында және жаңа мемлекеттің даму стратегиясын айқындауда орасан зор маңызға ие. Биылғы бұл мереке батысқазақстандық тәртіп сақшыларының назарынан да тыс қалған жоқ.

Атаулы күнге орай облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Бақытты ел – беделді Елбасы» атты кең көлемдегі танымдық іс-шара өтті.

Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен дамуындағы Ел Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөлін түсіндіру тақырыбында облыстық тарихи-өлкетану музейінің көшпелі жұмыс бөлімінің музей қызметкерлері Жанаргүл Сырымova мен Асылгүл Мерғалиева жеке құрам

Қастеевтің түпнұсқа еңбектері, «Өнер» залы, Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдық мерейтойына орай жасақталған бұрыш, ұлттық аспаптардың түпнұсқалары, т.б. туралы түсінік беріп, құнды жәдігерлер мен жауһарларға толы сегіз залмен таныстырды.

Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен дамуындағы Елбасының тарихи рөлі мен қызметіне арналған мәліметтер жас қызметкерлерге ерекше әсер етті.



алдында Елбасының өмірі мен еңбек жолына шолу жасады.

Арнайы жасақталған экспонаттармен таныстырды. Елорданың құрылу тарихына, бой көтерген заманауи ғимараттарына тоқталды. Музейдегі «Қазақ хандығы» залымен таныстырып, Абылай хан мен Әбілқайыр хан ұрпақтары, араб грамматикасы, «Хан тоғайының» шығу тарихы, танымал суретші Әбілхан

Ішкі істер органдарындағы жас қызметкерлерді патриоттық рухта тәрбиелеу, жас қызметкер мен оның тәлімгері арасындағы байланысты ұштастыру, Отанына деген сезімін нығайту, елімізде болып жатқан оқиғаларды таныстыру, Отанының тағдыры үшін жауапкершілігін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар болашақта да жалғасын таба береді.

Гүламан ИСМАҒҰЛОВА



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай ІІМ-де «Туған жер кеңістігінде. Елбасының сүйікті әндері» атты ішкі істер органдарының көркемөнерпаздар вокалдық ұжымдарының конкурсы өткізілді.

Конкурсқа қатысушылар Тұңғыш Президенттің сүйікті әндерін онлайн режимде орындады.

Байқаудың мақсаты – қоғамдық-саяси қызметті, Қазақстанның Тұңғыш Президентінің еңбектерін насихаттау, жас ұрпақты отансүйгіштік және Отанға шексіз сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу.

Сонымен қатар байқау полиция қызметкерлерінің мәдени деңгейін арттыруға, ішкі істер органдарының органдарының құрылымдық бөліністерін біріктіруге, бөлімшелердегі көркемөнерпаздарды дамытуға бағытталған.

Бірінші кезеңде аумақтық ІІО қызметкерлері арасында ішкі

конкурс өткізілді, оның ішінен финалдық бөлімде өнер көрсету үшін номинанттар іріктелді.

Екінші кезең – жіберілген бейнематериалдарды қарау және финалға қатысу үшін қосымша таңдау болды.

Финал ІІМ базасында өтті, оған 20 ұжым қатысты.

Айта кету керек, байқау онлайн режимінде алғаш рет өтіп отыр.

Байқау қорытындысы бойынша Қостанай облысы Полиция департаментінің ұжымы 1-орынға ие болды. 2-орын Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарының полиция департаменттерінің ұжымдарына берілді.

3-орынды Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының, Алматы және Қызылорда облыстарының ұжымдары бөлісті.

Байқау аяқталғаннан кейін Ішкі істер министрі жеңімпаздар мен жүлдегерлерді көтермелеу туралы бұйрыққа қол қойды.

Жұмагүл ӘБДІКӘРІМОВА

— ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ —

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсанда жыл сайын аталып өтеді. Осы мереке арқылы жас ұрпақ Тәуелсіз Қазақстанның тарихын танып, оның ел болып қалыптасу жолында қандай тұлғаның аянбай еңбек еткенін жадында сақтай түседі.

Осы мерекеге байланысты Қызылорда облысы ПД Арал ауданы Полиция бөлімінің жеке құрамы аудандық орталық кітапханасында «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында іс-шара өткізді.

Алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, полиция лейтенанты Шалхар Рысқұл айтулы мерекенің шығу тарихына тоқталды.

Кітапхана қызметкері Әдемі Тілеубаева Елбасының өмірбаяны мен саяси еңбек жолына кең көлемді шолу жасап, Елбасы туралы бейнеролик көрсетті.

Әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны Жасұлан Күйлішев «Тұңғыш Қазақ Президенті – Нұрсұлтан» деп басталатын өлең жолдарын оқып, жеке құрам кітап көрмесін тамашалады.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА

Жолы – Елбасы жолы

Назарбаевтың қолынан награда алған Елдос

Мамандандырылған әкімшілік полиция батальонының бұрынғы қызметкері, қазіргі Алматы қаласы Бостандық аудандық полиция басқармасының учаскелік инспекторы Елдос Әбдірахымов 2015 жылдың желтоқсан айында Тәуелсіздік күні қарсаңында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен екінші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Ол аса ауыр қылмысты ашуда ерекше көзге түсті.

– Қызмет атқару барысында кешкі тоғыз кезінде Желтоқсан мен Шевченко көшелерінің қиылысында Toyota Camry маркалы автокөлігін байқадық. Оның жүргізушісі жол ережесін ерескел бұзып, Желтоқсан көшесінің бойымен оңтүстікке қарай жылжыды, ал осы учаскеде тек солтүстік бағытта бір жақты қозғалыс көзделген. Ер адам біздің заңды талаптарымызға бағынбады. Ережелерді ерескел бұзып, басқаларға қауіп төндіре отырып, жүргізуші жасырынуға әрекеттенді, – деді

Елдос Әбдірахымов. – Дегенмен қудалау барысында Toyota көлігінің жолы Пушкин көшесіндегі үйлердің бірінің ауласында бұғатталды. Бұл жолы көлік жүргізушісі мен оның екі жолаушысы бізден жаяу жасырынғанды жөн көрді. Олардың белсенді қарсылық көрсеткеніне қарамастан, айыпталушылардың бірін, атап айтқанда жүргізушіні ұстай алдық, – деді ол.

Елдостың айтуынша, бұл көліктің салонында соққыға жығылған адам бары анықталған. Оны белгісіз адамдар ұрлап әкетіп баратқан екен. Ер адам өзінің



кәсіпкер екенін айтты. Жол бойында ұрлаушылар тіпті кәсіпкерге талап қойып, кейіннен туыстарынан бір миллион доллар көлемінде төлем сұрайтындарын да айтқан. Ер адам

қатты соққыға жығылған. Оған дәрігерлердің жедел көмегі қажет болды.

Содан кейін ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері дереу тергеу

амалдарын жүргізіп, ұсталған адамның жеке басын және қылмыстан жасырынған екі серіктесті анықтады. Кейін қашқындар қамауға алынды.

– Осы оқиғаға байланысты мен Мемлекет басшысының «Айбын» орденін алу құрметіне ие болдым. Бес күн ішінде маған Астанаға (қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) баратынымды хабарлады. Осы бес күнде мені толқу сезімі басып кетті... Әкем мен балаларым мені ерекше мақтан тұтты: балабақшада да, мектепте те менің Елбасымен түскен суретім ілулі тұр. Елбасымыздан екінші дәрежелі «Айбын» орденін алып, оның қолын алу мен үшін үлкен мәртебе болды. Мен алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының игілігі үшін қызмет ететін боламын, – деді Елдос Әбдірахымов.

Салтанат ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,
Алматы

Алғысым шексіз

Қайтыс болған полицейдің жесірі, қазір полиция қызметкері Айжан Әбішева өзінің Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуі туралы айтып берді.



Полиция майоры Айжан Әбішева қазір Алматы қаласы ПД Алатау аудандық Полиция басқармасының Көші-қон қызметі бөлімінде жұмыс істейді. Ол полицияда тоғыз жылдан бері қызмет етеді.

Айжан ішкі істер органдарына қызметке 2011 жылы өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан күйеуі полиция лейтенанты Ришад Әбішевтің қайғылы қазасынан кейін келген.

2011 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қылмысқа қарсы күресте көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін полиция лейтенанты Ришад Әбішев ІІ дәрежелі «Айбын» мемлекеттік наградасымен марапатталды.

– Біздің екі қызымыз бар. Сол кезде олар әлі кішкентай еді. Мен күйеуімнің кәсібін жалғастыруға бел будым, сол себепті мен ішкі істер органдарына қызмет-

ке кірдім. Қызметімді ювеналды полициядан бастадым. Мені қазіргі министр Ерлан Тұрғымбаев жұмысқа қабылдады, сол кезде ол Алматы қалалық Ішкі істер департаментін басқарды. Ол жағдайымды түсініп, менің Ришадтың жолын жалғастыру туралы тілегімді бағалады және мені қолдады. Оған деген алғысым шексіз, – деді Айжан.

2019 жылы Айжан Әбішева Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ұйымдастырылған дәстүрлі кездесуге қатысты.

– Өте әсерлі болды. Бұл кездесу соншама қуаныш пен бақыт әкелді. Көктемгі қабылдауға келген әйелдер ән айтып, өлең оқыды. Кешке біз үшін концерт ұйымдастырылды. Мақтаным сезімі әлі күнге дейін басым, – деп қорытындылады Айжан Әбішева.

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы

Тәуелсіздікте туған Нұрсұлтан

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінде Нұрсұлтан есімді 34 тәртіп сақшысы бар. Аталған полиция қызметкерлері өздерінің есімдерін мақтан тұтады. Өз қызметтеріне адал, кәсіби мамандар Отан алдындағы қызметін және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек етуде.

Қазақ халқының өмірі, тұрмыстық жағдайы өзіндік сипатта қалыптасқан салт-дәстүрге және наным-сенімге тікелей байланысты. Қазақ халқы кез келген нәрсені жақсылыққа жорып, алдағы күндерден үлкен үміт күтеді. Әсіресе, жас нәресте дүние есігін ашқан сәтте. Халқымыздың салты бойынша жас нәресте туған кезде оған атақты адамдардың есімі азан шақырылып қойылады. «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады» деген наным-сенім де бар.

Есімі Елбасының құрметіне қойылған сондай жанның бірі – полиция инспекторы, аға лейтенант Нұрсұлтан Сейдалиев. Тәуелсіздік құрдасы Түркістан облысы Сарыағаш қаласы Қызылжар кентінде дүниеге келген. Әкесі Әжіхан мен анасы Гүлзінат отбасылық кәсіппен айналысқан. Қарашаңырақта Нұрсұлтан, Ботакөз және Нұрбек атты үш бала бар.

Ата-анасының үмігін ақтаған Нұрсұлтан бала кезінен поли-



ция қызметкері болуды армандапты. 2007 жылы мектепті үздік бітірген ол Қазақстан Заң колледжіне түсіп, оны 2010 жылы үздік бітірді. Одан кейін 2011 жылдан 2012 жылға дейін Семей қаласында әскер қатарында борышын атқарды. 2016 жылы Алтынай есімді қызға үйленді, бүгінде олардың үш баласы бар.

Нұрсұлтан 2014 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы патрульдік полиция полкіне жұмысқа орналасты. Негізгі міндеті қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды.

– Бірінші жұмыс күні мен қорықпадым, өйткені әріптестерім өте мейірімді және әрқашан да бір-біріне көмектесуге дайын тұрады. Алты жыл бойы тәжірибе жинадым,

енді өзім де осы салаға жаңадан келгендерге көмектесуге асығамын. Жұмыстан бос уақытымды отбасыммен өткіземін, спортпен айналысамын және жүзуге барамын, өйткені біздің жұмысымызда спорттық формада болу маңызды. Мен үшін азаматтардың құқықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, адамдарға қайырымды болу, халыққа қызмет ету өте маңызды.

Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған жылы дүниеге келгеніме қуанамын. Менің атымды Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының құрметіне қойды. Мен мұны мақтан тұтамын! – дейді Нұрсұлтан Сейдалиев.

Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,
Нұр-Сұлтан

Ақтөбе облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Атығай АРЫСТАНОВ:

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ ТИІС

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың уақыты пісіп-жетілгенін айтқан еді. Алдымен осы жөніндегі пікіріңізді білсек, Атығай Ғазымбекұлы.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында да, Ішкі істер министрлігінің күні кеше өткен алқа мәжілісінде де құқық қорғау саласын түбегейлі реформалау жайында жан-жақты жақсы айтты. Әсіресе, жергілікті полицияның жұмысын жетілдіру, учаскелік инспекторлардың мәртебесі мен беделін арттыру жөнінде нақты бағыт-бағдар берді. Мұның бәрі бүгінгі полиция заман талабына сайма-сай болуы керек екенін айқын байқатады. Ең бастысы, халық пен полиция бір-бірінен алшақ болмауы керек. Жұрт тәртіп сақшыларын өзінің қорғаны ретінде сезінуі тиіс. Олар көшеде болсын, қоғамдық орындарда болсын, отбасының ортасында болсын, қай жерде жүрсе де қауіпсіз күйде жүруі керек. Өйткені қоғамның тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция бар. Олардың жүйелі жұмыс істейтініне, қажет кезде жылдам көмекке келетініне сенімді болғаны жөн.

– Ол үшін ішкі істер саласын мықты мамандармен толықтыру керек шығар. «Бәрін кадр шешеді» деген бар ғой...

– Ішкі істер министрлігінің Қазақстанның өзінде бірнеше салалық оқу орны бар. Басқасын айтпағанның өзінде, осы Ақтөбедегі заң институтын жақсы бітірген мамандар көп. Сондықтан ішкі істер органдарын заман талабына сай жас мамандармен қамтамасыз етудің еш қиындығы жоқ деп есептеймін. Тіпті алыс ауылдарға учаскелік инспектор болып баруға ниет етіп отырған жастар да жеткілікті. Өйткені олар мемлекет тарапынан инспекторларға үлкен қамқорлық жасалатынын біліп отыр. Біріншіден, еңбекақысы жоғары, екіншіден, тұрғын үй беріледі, үшіншіден, қызметтік көлігі болады. Ауыл-ауылды жаяу аралап жүрмейді. Олардың баспанасы учаскелік пунктпен жапсарлас салынады. Барлық байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Заман талабына сай әр полиция қызметкері мемлекеттің тірегі болып, халықтың сенімін ақтауы қажет. Облыстық қатардағы полиция қызметкерлерінен бастап басшыларына дейін жан аямай халықтың тыныштығын күзетіп, қылмыскерлерге қарсы күресте ерлік пен тапқырлық өнегесін көрсеткендер аз емес. Олардың қа-

тары уақыт өткен сайын көбейе түсуде. Сонымен қатар қазіргі заман талабына орай туындаған міндеттерді мінсіз атқаруды өзімнің азаматтық парызым, қызметтік борышым деп сезінетіндер қашан да табысты еңбек ететіні сөзсіз.

– Атығай Ғазымбекұлы, жаңа жайсыз отбасылар жайлы айтып қалдыңыз. «Биыл карантинге байланысты отбасылық зорлық-зомбылық көбейді» деген ақпарат бар. Бұл шын ба?

– Өкінішке қарай, солай болып отыр. Пандемия кезінде жұрттың бәрі үйінде болды. «Арақ ішкен адам ауруға шалдықпайды екен» деген негізсіз әңгіме тарайды. Жасыратыны жоқ, арақ жүрген жерде ұрыс-керіс, жанжал болады. Ішкілікке сылқия тойып алып, өзінің жақын адамына зорлық жасаған деректер де бар. Осының бәрі арақтың кесірі. Бала-шағасы араққұмар әкесінен немесе бауырынан безіп, ойраны шыққан отбасылар да аз емес. Міне, осындай отбасыларды тәртіп сақшылары бақылауға алып, күндіз-түні қадағалап, тиісті жұмыстарды жүргізіп келеді.

«Тұрмыс» жедел-алдын алу іс-шарасы барысында үш жүзден астам ақтөбелік тұрмыстық қарым-қатынасқа байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Ішкі істер кесірінен жанжал туындаған ортаға тәртіп сақшысы барса, оның да өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайлар болатын шығар?

– Әрине. Бірақ шақырту түскеннен кейін тәртіп сақшысы сол орынға міндетті түрде жедел жетуі керек. Жағдайды ушықтырмай, тәртіпке сақыруы керек. Тиісті әкімшілік шараларды жасауы тиіс. Өз өмірін қорғаудан бұрын қызметтік міндетін мүлтіксіз атқаруы қажет.

Керек десеңіз, тәртіп сақшысы жағдайға қарай тиімді шешім жасауға да дайын болуы керек. Осыған байланысты мынандай мысал айтайын. Бұл жағдай карантин кезінде осы Ақтөбе қаласында болды.

Екі баласы бар ерлі-зайыпты жалдамалы пәтерде тұрып жатады. Төтенше жағдай жарияланғаннан кейін жолдасы жұмыссыз қалып, әйел екі кішкентайымен үйде отыруға мәжбүр болады. Табыс жоқ. Жалдамалы пәтерге төлейтін ақшасы жоқ. Пәтердің қожайынын бұл жағдай толғандырмаса керек, тез арада баспананы босатуды талап етеді. Бірақ шарасыз күйдегі отбасы қайда барады? Кімнен көмек сұрайды? Амал жоқ, барар жері болмаған соң, пәтерді босатпайтындарын айтады. Пәтер иесі полицияға хабарласып, тәртіп сақшыларын шақыртады.

Ақтөбе қалалық полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы Бахтияр Жақыпов әріптесі Аслан Алмашев екеуі шақырту бойынша барған кезінде екі баласы бар отбасының қиын жағдайына түсіністік танытып, оларды қорғайды. Төтенше жағдайға байланысты емізулі және екі жасар қызы бар жас отбасының пәтерді босатуы мүмкін емес екенін, бұл тек сот қаулысы арқылы орындалатынын айтып түсіндіреді.

Жағдайға қаныққан учаскелік инспектор Бахтияр Жақыпов сол күні еңбекақысын алып, отбасына апаруға да үлгермеген екен. Жас отбасының жай-күйін көрген соң шыдап тұра алмай, олардың қарызын сол кезде пәтер иесінің қолына ұстатады.

Тәртіп сақшыларының осындайда азаматтық шешім қабылдауға тура келетін сәттері болады.

– Жан тебіренерлік жағдай екен. Осындай жүрегі кең, жағдайға қарай дұрыс әрекет жасай алатын полицейлердің қатары көбейсін! Осы ретте карантин кезінде де, қазір де еріктілер ізгілікті істердің ұйытқысы болып жүр ғой. Олардың полицияға көмегі көп шығар?

– Бұл жыл – еріктілер жылы. Олар бізге үлкен көмек жасап келеді. Жыл басынан бері Ақтөбе облысында 49 адам із-түзсіз жоғалып кетті. Олардың қырық бесі полиция мен еріктілердің бірлескен жұмысы кезінде табылды. Бұл ретте әртүрлі себептермен жоғалған немесе хабар-ошарсыз кеткен адамдарды



іздеуде «Zello Poisk» еріктілер қозғалысы баға жетпес көмек көрсетуде. Еріктілер дереу іздеуге қосылады және полиция қызметкерлерімен бірге жоғалған адамдарды күндіз-түні іздейді. Бұл үшін еріктілерге үлкен алғысымызды білдіреміз.

Төтенше жағдай кезінде полиция қызметкерлері «Малика» дағдарыс орталығымен бірге көп жұмыс атқарды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болғандар мен олардың балалары осы орталыққа орналастырылды. Олар қиын жағдайға тап болған талай адамға көмек жасады. Еңбектері ерен. Осыны ескере отырып, Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаев төрт ақтөбелік еріктіні алғысхатпен марапаттаған болатын. Жиырмаға жуық еріктіге Полиция департаментінің атынан алғысхатты өзім табыстадым.

– Ақтөбеде көлік ағынын бақылаудың автоматты жүйесі жаңартылған екен. Осының жол-көлік тәртібін сақтауға қаншалықты көмегі болды?

– Жаңа жүйенің арқасында тәртіп бұзған автокөлік иелерін автоматты түрде анықтау мүмкіндігі айтарлықтай кеңейді. Қазір Полиция департаментінің иелігінде 10 автоматты тіркеу жүйесі жұмыс істейді. Осы арқылы ұрланған көлікті іздеуге, жүргізуші куәлігінен айырылған және берешегі бар адамдарды анықтауға, салық пен алимент

төлеуден жалтарып жүргендерді табуға мүмкіндік бар. Бұл үшін қосымша бағдарлама енгізілді.

Жол қозғалысы ережесінің бұзылғанын тіркеу мен жылдамдық режимін бақылау да осы кешен арқылы жүзеге асырылады. Аппараттық техника Ішкі істер министрлігінің деректер базасымен синхрондалған. Сондықтан жол-көлік тәртібін бұзушылар автоматты кешеннің «құрығынан» құтыла алмайды.

Кейбір жүргізушілер жол тәртібін бұзғанын, айыппұлы бар екенін білмей, алаңсыз жүре береді. Оларды анықтауға да кешеннің көмегі зор.

– Карантинге байланысты басқа мемлекеттен келетін жұмыс күшінің қатары азайғанын білеміз. Қазақстан Республикасының Көші-қон заңнамасын бұзатындар әлі де бар ма? Оларға қандай шара қолданылады?

– Олардың жолын кесу мақсатында Ақтөбе облысының аумағында «Мигрант» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілді. Көші-қон қызметі басқармасының қызметкерлері Ақтөбе құрылыстарының бірінде заңсыз жұмыс істеген Өзбекстанның үш азаматын ұстады. Жыл басында көрші республиканың тұрғындары жеке мақсатпен Қазақстан аумағына кірген. Бірақ іс жүзінде олар қосымша ақша табуға шешім қабылдап, Көші-қон заңнамасын бұзған. Тәртіп сақшылары оларға қатысты әкімшілік хаттама толтырды.

Полиция қызметкерлері құрылыстан басқа базарларды, теміржол вокзалдарын және шетелдіктер тұратын мекенжайларды тексерді.

Жалпы, «Мигрант» жедел алдын алу іс-шарасының қорытындысы бойынша Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 65 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Ғалым ОМАР-ХАН,
Нұр-Сұлтан қаласы



Қарашаның жиырма төртінші жұлдызы күні Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданы ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасына қарасты №16 учаскелік полиция пунктiнiң инспекторлары Ардақ Көкешов және Төлеген Сәтпаевпен бірге күндізгі рейдке шықтық. Рейд барысында құқық қорғау қызметінің қыр-сырымен жақын танысуға мүмкіндік алдық. Учаскелік полицейлерге айтылар алғыс та, іштей өкпе-реніш те халықтың ықыласына, ниетіне байланысты ғой. Жұмыстары сырт көзге бірқалыпты болып көрінгенімен, таңның атысы, күннің батысы қызметтік көлікке мініп алып, ауылды аралау, одан қалса заң бұзғандарды анықтап, тұрғындардың арыз-шағымын тыңдап жүргенде, уақыттың қалай зырғып өте шыққанын білмей де қаласыз.

– Учаскелік инспекторлар әмбебап полицейлер болып табылады. Учаскелік полицейлердің жұмыстары ҚР Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №1095 бұйрығымен реттеледі. Біз тікелей халықпен жұмыс істейтіндіктен, тұрғындар көбінесе түрлі мәселелерін айтып, бізге келеді. Жұмысымыз негізінен, қылмыстың алдын алуға және профилактикалық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Қадағалайтын аумақтағы бұрын сотты болғандарды, шартты түрде сотталғандарды, бұзақылық әрекеттері басым жасөспірімдерді тіркеп, назарға аламыз, – дейді Ардақ.

Күндіз-түні тыным көрместен, қырағылық танытатын учаскелік инспекторды тұрғындардың қаншалықты бағалайтынын білмек мақсатта көше кездік. Жұмыс уақыты болғандықтан, кісі қарасы аз. Кездесіп, әңгімеге тартқан кісілердің дені ауданның тыныш екенін, шағымының жоқтығын, учаскелік полицейдің жұмысына оң баға беретінін жеткізді. Өз қызметіне адал, қандай да бір мәселені түпкілікті шешуге бар күш-жігерін жұмсайтын полицейге тұрғындардың да сенімі зор екен.

– Біраздан бері ауданымыздың тыныштығын күзетіп келе жатқан инспекторлардың жұмысына баға берер болсақ, бас бармақ көрсетуге лайықты азаматтар деп білеміз. Өзіміз тікелей мәселем бола қалса, бірден осы жерге келіп, өтінішімді, ұсынысымды айтып кетемін. Тыңдауға қашан да дайын. Учаскелік полицейімізге «Бес» деген баға қоя-



маңнан болмаса керек. Көлік иесі базарға келмес бұрын мұның алдында банкке, тағы басқа жерлерге барғанын, күдіктіні сондағы бейнекамера арқылы іздейтінін айтып, зыр жүгіріп көңіл бөлген инспекторларға рахметін жаудырып, жөней берді.

«ТАС ТҮСКЕН ЖЕРІНЕ АУЫР»

Күз келсе, тал-дарақтар тоналады, күн көзінен жылылық жоғалады. Бас қалаға қыс ерте келеді де, қара жер ақ мамыққа оранады. Шырайлы шаһарды қалың тұман тұмшалап, еңсеңді езіп жіберердей сүреңсіз күндер сау етіп кіріп келген сәттен қарбалас қала тіршілігі басталады. Әсіресе, керуендей тізілген ауыр техникаларға жан бітіп, бірі қар тазалап, енді бірі жолға құм шашып, әуре-сарсаңға түсіп жатқаны. «Кәрі құда қыс келіп, әлек салды» деген осы.

«Әлек салды» демекші, «Central Market» сауда үйіне жақын жол үстіне құм сеуіп жүрген көліктердің бірінен ұшқан түймедей ғана түйір тас жылы аялдаманың шынысына тиіп кетіп, тас талқан қылған. Сауда үйінің әкімгері осы жайтты бейнекамера арқылы байқап, дереу «102»-ге қоңырау шалған. Біз де оқиға болған жерге 14:10-да зыр етіп жеттік. Бір өзі бір үйдің құнына татитын қымбат аялдаманың шағылған шынысын кінәлі тарап жаңалап беретін болды...

«ҚАЙДА ЖҮРСІҢ, НИКОЛАЙ?!»

16:10. Инспекторлармен бірге Илья Чехоев көшесінде тұратын 1979 жылғы Николай есімді азаматтың мерзімінен бұрын босатылғанына байланысты түнгі оннан кейін ешқайда «саяхаттап» кетпеуі жайында тағы бір мәрте еске салуға тура келді. Өйткені ол 23 қараша күні кешкі сағат 22:30-да инспекторлар тексеруге келгенде, үйінде болмай шыққан. Осылайша бір жыл ішінде сот үкімін қайталап бұзған оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабы 1-бөлімі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жазаға үшін хаттама толтырылды. Егер де Нәкең осылай тағы бір құқық бұзса, алда қандай

жаза күтіп тұрғаны айтпаса да, түсінікті...

ЖАТАТЫН ЖЕРІ ЖОҚ ЖІГІТ

Қарашада қақаған қара суық сақылдаған сары аязға ұласады. Әсіресе, осындай кезде үйсіз-күйсіз жандар әр бұрышты, әр қуысты пана тұтады. Мәселен, рейд кезінде дәріхана табалдырығында астына картон төсеніп, бүрісіп жатқан жігіт ағасын жолықтырдық. Үстінде қалыңдау тон демесеңіз, бұтына жұқа трико, аяғына кроссовка киген оның хәлі шынында да, аянышты еді. Дір-дір етіп мұздай еденде жатқан бейбақтың есімі Нұрлан, жасы 45-те екені, әмбе осындай сүйегіңнен өтер суықта барар жер, басар тауы жоқтықтан, бой жылыту үшін ішімдік ішкені белгілі болды.

Төлеген екеуіміз Нұрланды елордамыздағы төрт ауданның полиция пункттерімен, медициналық әлеуметтік оңалту орталығымен, Нұр-Сұлтан қаласы ПД Көші-қон полициясы басқармасымен тығыз байланыста жұмыс жүргізетін «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды әлеуметке қосу орталығына» (И.Чехоев көшесі

және қылмыстың алдын алу. Біздер, полицейлер қауымы, бір жағынан психологпыз десек те болады. Ауыл тұрғындарының барлығымен жылы сөйлесіп, барынша жақын дос болуға тырысамыз. Негізінен, учаскелік полиция халықпен жұмыс істейді. Солардың арасында жүріп, тығыз байланыс орнатып, қажетті ақпаратты солардан алады. Егер халық ақпарат бермесе, олармен жұмыс істемесең, жалғыз өзің ештеңе істей алмайсың. Өйткені, сен жалғызсың, халық көп. «Жалғыздың үні шықпас» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Ал халықтан ақпарат келіп тұрса, тексеріп, ескеріп жүресің. Қазіргі бізге қойылған талаптардың бірі – қолжетімділік, ашықтық, тұрғындармен тиімді байланыс жасау, – дейді учаскелік полиция инспекторы Ардақ Көкешов.

Түйін. Халыққа қызмет ету – әр азаматтың парызы. Тек полицияның, не болмаса ресми форма кигеннің ғана емес, әрбір қазақстандықтың міндеті болып табылады. Учаскелік полицейдің әр күні түрлі оқиғаларға, жағдаяттарға то-



16 учаскелік полиция пунктiнiң іші-сырты мұнтаздай таза, кірсе шыққысыз екен. Бұл жерге тұрғындардың көп келе бермейтіні бірден байқалады. Яғни, тұрғындардың учаскелік полицейге келетіндей себеп болмаған. Инспектордың кабинетінде дербес компьютер, шкаф сөресінде «Полиция.kz» журналы және «Сақшы» газеті мен ауыл тұрғындарының есімдері жазылған тізімнен өзге артық зат жоқ. Полицейдің жұмысы тәртіп бойынша таңертеңгі сағат 09:00-ден түнгі сағат 23:00-ге дейін, демалысыз деп белгіленген. Иә, 23:00 деп тұрғаны – жәй ғана уақыт көрсеткіші. Ал олардың күні-түні, уақытпен санаспай қызмет ететіндерін, дабыл соғылса, түн ортасы болса да алып-ұшып, жұмысқа кірісетіндерін жұрт жақсы біледі. Тұрғындардың шағымдарын, шақыруларды ұялы телефон арқылы 24 сағат бойы қабылдайды. Шақыруға барған кезде полицейлер тұрғындармен түсінік жұмыстарын жүргізеді, әңгімелеседі, жағдайға байланысты шаралар қолданады.

мыз, – дейді Чехоев көшесінде кездескен Алмагүл есімді ауыл тұрғыны.

ЕСІККЕ «ЕН» САЛҒАН КІМ?

Сонымен біздің рейд Алаш тасжолындағы «Орталық базардан» басталды. Әп дегеннен-ақ жұмысымыз жанданып сала берді. «102»-ге түскен хабарлама бойынша сағат 14:10-да оқиға болған жерге келсек, бізді тағатсыздана күтіп тұрған әйел көлігінің есігін әлдекімнің бүлдіріп кеткенін жеткізді. Тапа-тал түсте «Lexus» көлігінің оң жақ есігіне бас әріптермен баттатып тұрып «ЛХ» деп «ен» салған «суретші» кім болды екен? Болған оқиғаның мән-жайын түсінген базар әкімшісі бейнекамералардың көмегіне жүгіну жөніндегі өтінішімізді жерге тастамады.

«Темір тұлпар базарға қай уақытта кірді, неше минут тұрды, төңірегінде күдікті кімдер жүрді?» деген оймен әр мезетті мұлт жіберместен, мониторға кіріп кете жаздап отырмыз... Бірақ үмітіміз ақталмады, ісіміз маңдымады. Сірә, «суретші» бұл



14 а мекенжайында орналасқан) әкеліп тапсырып шыққанымызда, сағат тілі 21:30-ды нұсқап тұр еді. Иә, осындай үйсіз-күйсіз жүргендер – Қазақстан азаматтары. Кешегі 20 миллионның ішінде бар адам еді ғой деген ой көкейімізде кептеліп тұрды...

– Учаскелік полиция қызметкерлерінің басты міндеті – әкімшілік аумақты қадағалау

лы. Таңмен таласа тұрып, түн қараңғылығына дейін жүріп, қылмыстың алдын алу, отбасылық кикілжіңдерді реттеу секілді мәселелерді шешуде учаскелік полицейдің әмбебаптығына таң қалмасқа болмайды.

Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,
суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ
Нұр-Сұлтан

Ардагерлер тәлім беруден жалықпайды



Қызылорда қалалық Полиция басқармасы кадр бөлімшесі қызметкерлерді іріктеу, жеке құрамды тәрбиелеу және кәсіби деңгейін арттыру жұмыстарында ардагер-тәлімгерлердің көмегіне сүйенеді.

Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының кеңесшісі, «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, отставкадағы полиция полковнигі ардагер Серікбол

Тұңғышбай саптық алаңында жеке құраммен кездесті. Іс-шара санитарлық талаптарға сай өтті. Жас полицейлермен әңгімелесу барысында тәлімгер ішкі істер органдары қызметкер-

лерінің басты кәсіби және адами қасиеттері әрдайым өзгермейтінін атап өтті. Идеологиялық қызмет ең мықты кәсіби дәстүрлерді сақтауға және дамытуға, қызметкерлердің ерлігі мен батырлығын насихаттауға, олардың қызметтік міндеттерін үлгілі орындауға бағытталған.

Ұрпақтар сабақтастығының жалғасы ретінде тәлімгер жас полицейлерге өсиет-өнегелерін айтып, естеліктерімен бөлісті. Олар – қатардағы қарапайым полицейлердің бірі болып келіп, елеулі еңбектерінің арқасында жауапты қызметтерді атқарып, абырой биігінен көрінген жандар.

Аға буын тағылымын тыңдаған қызметкерлер алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолданып, қызмет бабында іске асыратыны анық.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА, Қызылорда облысы

Сақшылардың мерейлі ісі

Түркістандық жүк көлігінің жүргізушісі әлеуметтік желілер арқылы қызылордалық тәртіп сақшыларына жолда көрсеткен көмегі үшін алғысын білдірді.

Ресей Федерациясынан Шымкент қаласына жол тартқан «Камаз» жүк автокөлігі «Шымкент-Самара» тасжолының Қармақшы ауданы Байқожа елді мекенінің тұсында ауа райының қолайсыздығынан тас жолдың бойында тайып, жол жиегіне шығып қалған. Осы аумақта патрульдеген Қызылорда облысы ПД патрульдік полиция ротасының қызметкерлері, полиция аға

лейтенанттары Абзал Исенбеков және Нұрбек Алтыбаев жүргізушіге көлігін шығаруға көмек беріп, жолаушы жолын одан әрі жалғастырған.

Патрульдік полиция қызметкерлері тәулік бойы күшейтілген режимде қызмет атқарып, қиын жағдайға тап болған жүргізушілерге әрдайым қажетті көмек көрсетуге дайын.

Гүлжахан БЕРДІБЕКҚЫЗЫ, Қызылорда облысы

Жолың болсын, жүргізуші!

Ақмолалық полицейлер көлігі істен шығып, ұзын жолдың бойында қаңтарылып қалған жүк көлігінің жүргізушісіне көмек көрсетті. Көлігін жөндесіп, оған диттеген жеріне аман-есен жетуіне тілектестігін білдіріп, жүргізушінің өз бағытын жалғастыруына себепкер болды.



Нұр-Сұлтан-Щучинск автожолының 80 шақырымында Петропавловск қаласына бара жатқан «Volvo» маркалы ауыр жүк көлігінде кенеттен ақау пайда болды. Автокөлік дөңгелегінің желі шыққан және сыртқы резеңкесі жыртылған. 13 градус аязда жүргізуші жөндеу жұмыстарын аяқтай алмады, өтіп бара жатқан машиналарды тоқтату әрекеттері сәтсіз болды. Сол уақытта жолдың осы бөлігін патрульдеген полиция қызметкерлері оған көмекке келді.

Патрульдік қызмет инспекторы, капитан Азамат Илюбаев пен инспектор, кіші лейтенант Әділет Әбдуқайыров қала сыртындағы жолда бірнеше жыл қызмет етеді. Олардың ауыр автотехникамен жұмыс тәжірибелері бар еді.

Бір сағат ішінде бірлескен күш-жігермен дөңгелек ауыс-

тырылып, тасымалдаушы жолды жалғастыруға мүмкіндік алды. Қызметкерлер жүргізушіге жол амандығын тілеп, келгеннен кейін оларды хабардар етуді тапсырды. Тәртіп сақшыларымен қоштасқан ер адам жедел көмек көрсеткені үшін полицейлерге алғысын айтты. Бұл туралы бейнежазбасын әлеуметтік желілерге салды, үлкен адамгершілікпен көмек қолын созған сақшыларға қызметте табыс тіледі.

Азамат пен Әділет өзінің іс-әрекетін ерекше деп санамайды. Олардың айтуынша, қызмет ету кезеңінде әртүрлі жағдайлар туындайды, ең бастысы – мұндай жағдайларға немқұрайлы қарамай, мұқтаж адамдарға көмек көрсету.

Анар АСХАТОВА, Ақмола облысы

Полицейлер қан тапсырды

Атырау облысы Полиция департаментінің қызметкерлері арасында донорлық қан тапсыру бойынша акциялар үнемі өткізіліп тұрады.

Атап айтқанда, бір күнде қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметінің 40-қа жуық қызметкері облыстық балалар аурухана-

сына барып, донорлық қан тапсырды.

Акция барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып өтті. Қан алу процедураларын облыстық қан орталығының мамандары жүргізді, барлық донорлардың денсаулық жағдайы алдын ала тексеруден өткізілді.

– Біздің қызметкерлеріміздің бастамасы стационарда емделіп жатқан кішкентай емделушілер үшін қажетті әрі уақтылы болады деп үміттенеміз, – деп атап өтті Атырау облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Әділхан Байдосов.

Гүлназира МҰХТАРОВА, Атырау облысы

Сын сәтте сүрінбеген

Қостанайлық полицейлер суицид жасауға оқталған әйелді ажалдан құтқарды. Аман қалған әйелдің анасы Валентина Алексеевна тәртіп сақшылары Амангелді Сыздықов пен Мүслім Исабаевтың атына алғыс айтты.

Қостанай ауданында тұратын 33 жастағы әйел гараж ішінде тұншықтырғыш газдан уланып өлмек болған. Бұл туралы оның Қостанай қаласында тұратын анасы облыстық ПД Жедел басқару орталығына хабарлаған.

Хабарлама алған Тобыл қаласының патрульдеу тобының лейтенанттары Амангелді Сыздықов пен Мүслім Исабаев тиісті мекенжайға шұғыл жеткен. Тәртіп сақшылары үйдің ауласын қарап шығады. Сәлден соң жабық гараждан машинаның жұмыс істеп тұрған қозғалтқышының дыбысын естіген. Терезе арқылы полицейлер жүргізуші орындығында отырған әйелді көреді.



– Ойлануға уақыт болмады, терезені сындырып, газға уланғысы келген қызды сыртқа шығардық. Осы уақытта қыздың анасы оқиға орнына жетіп үлгерді, – деді құтқарушы тәртіп сақшылары.

Осылайша дер кезінде қабылданған шаралардың нәтижесінде тәртіп сақшылары әйелдің

өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің алдын алды. Қызының мұндай қадамға анасымен ұрысқаннан кейін барғаны анықталды. Полиция қызметкерлері екі әйелмен профилактикалық әңгіме өткізіп, үйлеріне жеткізіп салды.

Ирина БЕЖЕНАРЬ, Қостанай облысы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН
SAQSHY газетіне 2021 жылға жазылу басталды
ИНДЕКСІ – 65395